

## 2013 жылға арналған Зырян ауданы тұрғындарының мақсатты топтарын анықтау туралы

### *Құшiн жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 1617 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда N 2840 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Зырян ауданы әкім аппаратының 2014 жылғы 17 ақпандағы N 02-07/0108 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Зырян ауданы әкім аппаратының 17.02.2014 N 02-07/0108 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Еңбек нарығындағы жағдайдың және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдемені қамтамасыз ету есебімен жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыру мақсатында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14) тармақшаларын, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының, 7-бабының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Зырян ауданының әкімдігі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. 2013 жылға арналған Зырян ауданы тұрғындарының келесі мақсатты топтары анықталсын:

1) табысы аз адамдар;

2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;

4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;

6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

7) мүгедектер;

- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;  
9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;  
10) оралмандар;  
11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;  
12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;  
13) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар;  
14) 50 жастан асқан тұлғалар;  
15) мектептерді, кәсіби оқу орындарын бітірген түлектер;  
16) АИТВ-инфицированы, есірткіге құмар азаматтар;  
17) жазғы каникул уақытындағы студенттер мен мектеп оқушылары;  
18) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
19) «Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;  
20) басымды мамандықтар (кәсіптер) бойынша кәсіптік оқуды аяқтаған жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасының қатысушылары.

2. «Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

- 1) халықтың мақсатты тобына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамту жөніндегі шаралар қабылдасын;  
2) халықтың мақсатты тобына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыруға ықпал етуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Зырян ауданының әкімінің орынбасары Қ.Ш. Ерембесовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зырян ауданының әкімі*

*Е. Сәлімов*